

Егемен Қазақстан

Астананың мәдени капиталы

Ел жүрегі – Астана. Ел сенімі – Астана.

Елорданың жасампаз тарихын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен (ЕҰУ) бөлек қарау мүмкін емес. Елбасының 1996 жылы 23 мамырдағы арнайы Жарлығымен негізі қаланған осы оқу орнын – Астананың рухани-интеллектуалдық іргетасы десек, шындыққа сәйкес келеді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты тағылымды кітабы қалың оқырманға жақсы таныс. Еңбек атауының өзінде рәміздік мән бар. Ол «Астана – еуразиялық жаңғыру мен серпілістің орталығы» деген саяси салмақты мағынаға және «Жаңарған дүниедегі әлем оқиғасын Қазақстан жүрегі қалай сезінеді?» деген гуманистік пайымға ие. Осы кітапта Елбасы: «Астананың ажарына ажар қосқан, жаңа корпусарымен қала ландшафтына кірігіп кеткен Лев Гумилев атындағы Еуразия университетін айтпай тұра алмаймыз. «Астананың мәдени капиталы» деген ұғым Еуразия университетіне көз түскен сәттен-ақ адам санасында нақты бейнеге айналады деп ойлаймын» деп жазды.

Көзіқаракты оқырман хабардар: жалпы, өркениеттің асыл атауы – мәдениет. Кең ұғымда білім де, ғылым да, адамзаттың жан-жақты жетілуі де осы мәдениетке кіреді. Әрине, Елбасы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті елорданың мәдени капиталы боларына сенгенде, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ескергені сөзсіз. Өйткені, әу баста, дәлірек айтсақ, осыдан дәл 20 жыл бұрын (1996 жылы 23 мамыр күні), тарихи 1962 жылғы Целиноград педагогика институты мен 1964 жылғы Целиноград инженерлік-құрылыс институтының қосылуы нәтижесінде өмірге келген Ақмола мемлекеттік университеті негізінде Еуразия университетін жасақтау – отандық білімдегі ғасыр жаңалығы деуге лайық қадам еді.

Біріншіден, бұл – жаңа елорданың мәдени-интеллектуалдық негізі. Екіншіден, бұл – заманға лайықсыз одақ идеясы мен ұлттық шектеушілікке тоқтау сала отырып, әлемдік жаңашыл ықпалдастыққа батыл бет бұру. Үшіншіден, бұл – дүниежүзіне «Н.Назарбаевтың Еуразия идеясы» ретінде танылған жаһандық ақыл-ойдағы трансформация мен реформаның білім мен ғылымдағы табалдырығы. Елбасының стратегиясы мен тактикасы ешқашан мүлт кеткен емес. Мақсат – айқын, жоспар – баянды, іс-шаралар да жүйелі жүзеге асты. Осы тұста «Еуразия жүрегінде», Елбасы айтқандай, Астана идеясы мен оның ғимараттары ел санасында күннен-күнге асқақтай берді. Қазақстан жұртшылығы елорданы тұрғызуға қалай жұмылса, Еуразия ұлттық университетін қалыптастырып, дамытуға да солай жұмылды. Мұнда да екі фактор айқын көрінді: бірінші – әр кезеңдегі университет басшылығы Елбасы алға қойған мақсатты терең сезініп, республиканың бұрынғы бас қаласынан облыс орталықтарына дейін білікті

ғалымдарды шақырып, мамандар легін шоғырландыра бастауы; екінші – нарық пен бәсеке заманында мектеп бітіруші жастардың Астана феноменіне иек артып, елорданың жетекші университетіне көптеп-көлемдеп тартылуы.

Нәтиже мен тәжірибе сәтті болған секілді. Университеттің 10 жылдық мерейтойына орай 2006 жылы 26 мамырда оқыған «Инновациялар мен білімді жетілдіру арқылы – білімге негізделген экономикаға» дәрісінде Елбасы былай деді: «Осы жылдар ішінде жаңа университет өзінің тарихын өнегелі бастамалармен, өміршең істермен жасай білді. Сөйтіп, қазір ол іргелі ғылым ордасына, білімнің шын мәніндегі киелі шаңырағына айналып отыр. Бүгінде Еуразия университеті – жоғары білім көшбасшыларының бірі. Астана құрылысы осы оқу ордасының жаңа ғимаратын тұрғызудан басталды деуге де болады». Қазақстанның күллі студент-жастарына арналған осы тарихи дәрісінде Н.Ә.Назарбаев аса көрегендікпен «Еуразияның жүрегі, рухани кіндігі – Астана бола алады, ал осы жүректің ең асыл орталығы – елордадағы Еуразия университеті», деген еді. Мемлекет басшысы ғаламдық тұлға, саяси қайраткер ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне мұншама мұрат жүктеуі жайдан-жай емес. Өйткені, ол кемел басшы ретінде жоғары оқу орындарының қоғам ой-санасындағы серпілісін, жасампаздығын жете түсінді. Әу баста латынның «universitas» атауы ақыл-ойдағы қоғамдасу мен бірлікті білдірсе, жаңа ғасырдағы университет – білім, ғылым, мәдениет үштағанына негізделген іргелі және қолданбалы ғылымдардың кешенді ордасы. Осы саладағы әлемнің озық тәжірибесін байыптаған Елбасы отандық жоғары білім алдындағы бес мақсатты белгілеп берді.

Атап айтқанда, бірінші мақсат – қоғамдық құндылықтар мен білім жүйесі арқылы бәсекеге қабілетті болу, екінші мақсат – адам капиталын немесе «интеллектуалдық әлеуетті» дамыту, үшінші мақсат – инновациялық даму, төртінші мақсат – орындау сапасы, бесінші мақсат – саяси ерік пен ұлттық мәміле. Жиырма жылда Еуразия ұлттық университеті Мемлекет басшысы айқындаған білім-ғылым бағыты бойынша бірсыпыра нәтижеге жетті, республикаға, өңірге, әлемге танымал болды. Осы ретте маған дейін ректор қызметін атқарған А.Құсайынов, М.Жолдасбеков, С.Әбдіманапов, Б.Әбдірайым сынды әріптестерімнің еңбегін ілтипатпен атап өткім келеді. Бұл орайда, жетекші ғалым-оқытушылар мен жауапты қызметкерлердің маңдай тері, бел-белесі – университет тарихына алтын әріппен жазылды. Сондықтан 2012 жылы Ел Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуымыз – ұжымның ұзақ жылғы жұмысының нәтижесі әрі Қазақстан білім және ғылым саласының жеңісі. 2013 жылы ТМД деңгейінде «үздік қызмет» номинациясы жүлдесін алуымыз, әлемдегі 17 мың университет қатысатын QS рейтингінде үздік 300-дік қатарына енуіміз, Тәуелсіз ұлттық рейтингте топ бастауымыз – жүйелі жұмыстың бағасы болса керек. Өткен жылы QS-тен тағы бір сүйіншілеген хабар жетті: Еуразия ұлттық университеті соңғы 50 жылда ашылған әлемдегі 2 мың университеттің 30-дығы сапына кіріпті.

Сонымен, Астана жүрегіндегі Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мемлекеттік білім-ғылым жоспарларын орындаудың қай тұсынан табылып жүргені – халықтың көз алдында. Әсіресе, елорда төрінде отырып, мемлекет пен қоғамның үйлесіміне, дамуына, сапалануына бағытталған идеяларды қолдауды, білім мен ғылым тұрғысынан жүзеге асыруды ұжымның асыл парызы ретінде қарайды. Мақсат-міндеттің бастысы Елбасы айқындаған «Қазақстан-2050» Стратегиясынан өрбиді. Бұл құжат ел болашағын бағдарлап, жаңа басымдықтар арнасын көрсетіп берді. Мұнда Мемлекет басшысы «Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет», деп атап көрсетті. Біз оқу үдерісі мен ғылыми өредегі жұмыс бағдарын осы тапсырмаға сәйкес жан-жақты пысықтадық. Үкімет қаулысымен ашылған инженерлік зертханамыздан бастап өңірлерде қомақты жетістікке жеткен инновациялық паркімізге дейін іс-шара жоспарында Стратегия межесін өлшем етіп алды. Президент «Ғылым мен инновацияны екінші орынға ысырып қойған ел ешбір салада бірінші бола алмайды», деп атап көрсетті. Іргелі, ізденістік және

қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын университетіміздің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы жақсы дамыған. Ол іргелі зерттеулерден бастап ғылым нәтижелерін коммерцияландыруға дейінгі толық циклді қамтамасыз етеді. 2011 жылдан бері Еуразия ұлттық университеті базасында Инновациялық парк жұмыс істейді. Ол ғалымдарымыздың өндірістік сектормен байланысының ғылыми-технологиялық платформасы іспеттес. Осындағы стартап-жобалар аймағының жұмысы Қазақстан көлемінде белгілі бола бастады. Қолданбалы зерттеулеріміздің де саны жылдан-жылға артып келеді. Ғалымдарымыз жылу насостарын пайдалану, жылу энергиясының кавитациялық көздері, крекинг-газ алу қондырғылары сияқты жобаларды дамытуда елеулі жетістіктерге жетті.

Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі қарсаңында университет баламалы энергия көздері, энергияны үнемдеу, тиімді жылу-жылыту жүйелері, тұрмыс және өндіріс қалдықтарын өңдеу бойынша бірқатар инновациялық жобаларды жүзеге асырмақ. Біздің ғалымдар «жасыл технологиялар» аталатын баламалы энергетиканы дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұсынып отыр. Стартап-жобаларды қаржыландыру қазір университетіміздің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылып келеді. Жоғары оқу орындарын коммерциялық жобаларға тартудың құқықтық тетігі жасалған жағдайда ғылым мен өндіріс ықпалдасуы кезең-кезеңмен орындалады деп есептейміз. Зияткерлік меншікті қорғау саласында Еуразия университеті – 200-ден астам патенттің иегері. Ғалымдарымыз дәстүрлі республикалық «Шапағат» өнертапқыштар конкурсына қатысып, жүлделі оралып жүр. Мысалы, сала мамандарымыз «Ауыл шаруашылығы, құрылыс және машина жасау саласындағы инновациялық дамуға қосқан үлесі үшін» дипломымен марапатталды. Сегіз мемлекеттің (Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Армения, Тәжікстан, Түрікменстан) территориясында қолданылатын Еуразиялық патенттеріміз де бар. Университетіміздің ұлттық зерттеу бағытындағы қалыптасуы жаңа міндеттер жүктеп отыр.

Ғылыми әзірлемелердің сапасы, зерттеу нәтижелерін өндіріс пен оқу үдерісіне енгізу, ғылыми және ғылыми-өндірістік жұмыстардың қаржылық көрсеткіштерін жақсарту – басты талабымыз. Осы ретте біз отандық ғылымды дамытудың мультипликациялық әсерін ерекше айтамыз. Бұл – білім сапасын арттыру, экономикаға бағытталған инновацияларды әзірлеу, университетті халықаралық ғылыми қоғамдастықтың мойындауы дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары алдындағы зор міндет – ұлттық экономиканың шикізаттық қалыбынан инновацияға қарай бет бұруын қамтамасыз ететін маман даярлау және қауқарлы технологияларды пайдаланып ғылыми-зерттеулер жүргізу. Бұл мәселеде Елбасымыз бен Үкіметіміз, Білім және ғылым министрлігі университеттік ғылым-білімге үлкен сенім артып отыр. Мемлекет басшысы Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, т.б. озық елдердің даму тәжірибесін алға тартып, ғылым мен инновацияға басымдық беруді атап көрсеткен еді. Елдің мойындалған беделді жоғары оқу орындары секілді, Еуразия ұлттық университеті стратегиялық ұлттық зерттеу университетіне айналуға жұмылып, білім-ғылым-өндіріс ықпалдасуы аясында шетелдік және отандық ғалымдарды тартып келеді.

Бұл бағытта таңдаулы мамандарды үйлестіріп, мемлекет пен бизнес кластерін жүйелеу, әлемдік деңгейдегі іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру – ғылым-білімнің абыройлы міндеті. Бұл дәрежеге жетуде әр оқу орнының өз көздеген жолы бар. Еуразия ұлттық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында біз өз міндетімізді анықтап алдық. Жақын болашақта ЕҰУ білім-ғылым мен өндірістің тығыз ықпалдастығына негізделген ұлттық зерттеу университетіне айналады деп сенемін. Қазақстандағы жетекші университет ретінде басым бағытымыз – ғылыми-зерттеу жұмыстарының инфрақұрылымын дамыту, сонымен бірге, білім-ғылым мен өндірісті ықпалдастыру. Ғылыми-зерттеу жобаларымыздың да көлемін жылдан-жылға арттырып келеміз, көлемінің өсімі байқалады. Осы бағытта 2011 жылы 276 млн. теңгелік жоба орындалса, 2015 жылы 1,82 млрд. теңгені құрайтын іріленген 150 ғылыми жобаны жүзеге асырдық. Бұл ғылымды

қаржыландыру көлемін 6 есеге арттырғанымызды білдіреді. Зерттеулер, негізінен, ғылымды дамытудың басым бағыттары – энергетика, шикізат пен өнімді толық өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, өмір туралы ғылым, елдің зияткерлік әлеуеті бойынша жүргізілді. Жобаларды орындауға жас ғалымдар (магистрант, докторант) тартылған. Докторанттардың 40 пайыздан астамы қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысады.

Ғылыми-зерттеу сапасының артуы Thomson Reuters және Scopus библио-метрикалық мәліметтер базасымен индекстелетін рейтингтік басылымдарда университет ғалымдары еңбегінің жариялануына тікелей байланысты. Осы ретте Р.Берсімбай, Р.Омаров (биология), Р.Мырзақұлов, А.Арынғазин, Қ.Сәбденов, А.Дәулетбекова, Ә.Ақылбеков, С.Тілеуқенов, Қ.Күтербеков, Т.Нұрахметов, С.Сауытбеков (физика), Т.Инербаев (нанотехнология), М.Өтелбаев, Н.Темірғалиев, Р.Ойнарұлы, Н.Боқаев, Л.Құсайынова, Н.Тілеуханова, Қ.Оспанов (математика), И.Іргебаева, Ә.Тәшенов, Р.Ерқасов, С.Рахмадиева, Е.Сүлеймен (химия, фитохимия), М.Қасен, Е.Нечаева, М.Сыдықназаров, Ж.Сәбитов (саясаттану) т.б. ғалымдардың табысын ерекше атап өткіміз келеді. Университетте профессор-оқытушылар құрамын шетелдік журналдарға сапалы мақалалар жазу бойынша ынталандырудың кешенді жүйесі әзірленген. Соңғы үш жылда әлемдік рейтингтік 300-ге жуық ғылыми жарияланым үшін материалдық сыйақы төледік. Маңызды көрсеткіштердің бірі – жоғары оқу орнында меншікті ғылыми мерзімді журналдың болуы. ЕҰУ-да қазіргі уақытта 7 ғылыми журнал шығарылады. Соның ішінде Eurasian Mathematical Journal елімізде алғаш рет 2015 жылы қаңтардан бастап халықаралық Scopus библиометрикалық мәліметтер базасына енді. Бұл журнал ғалымдарымыздың ғылым мен білімнің жаңа көкжиегін игеруіне себеп болады деп сенеміз. Бізде гуманитарлық ғылым саласы да – жетекші орында.

Әдебиеттану ақсақалы академик С.Қирабаев пен отандық философтардың көшбасшысы академик Ж.Әбділдиннен бастап, 100 томдық «Бабалар сөзінің» жетекшісі және белгілі фольклортанушы академик С.Қасқабасов, қыпшақтану мектебінің негізін қалаушы академик Б.Көмеков, ұлттық философияның ұстыны академик Ғ.Есім, түркітану, әдебиеттану тұлғалары, профессорлар М.Жолдасбеков, Ш.Ибраев, Қ.Салғараұлы, Қ.Сартқожаұлы, С.Негимов, Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, дипломат, журналист, саясаттанушы, заңгер, дінтанушы профессорлар С.Батыршаұлы, Н.Омашев, Н.Қалиев, Е.Нұрғалиева, Б.Сматлаев, Ә.Муминов, экономист профессорлар М.Кемел, Д.Мадиярова, Ж.Раимбеков, т.б. аты мен заты біраз нәрсені аңғартса керек. Күні кеше осында қызмет істеген марқұм академиктер Р.Нұрғали мен М.Серғалиевтің, профессорлар А.Қыраубаева мен А.Сейдімбектің тағылымы ұмытылмақ емес.

Еуразия университетінің тарихшылары да ғылымда олжа салып жүр. Қазақстан Ұлттық тарихшылар конгресі, үш тілдегі «Мәңгі ел» журналы тарихнама әдістемесі мен әдіснамасын, оқулық мәселесін жүйелеуде біршама жетістікке жетті. Бұл ретте гумилевтану мен еуразиятану бағытындағы зерттеулер нәтижесін де ерекше атауға болады. «Лев Гумилев» тұлғалық энциклопедиясын, «Гумилев әлемі», «Еуразия мәселелері», «Ұлттық тарихшылар конгресі кітапханасы» сериясымен шығарған зерттеу топтамаларымызды ғылыми қауымдастық жоғары бағалады. Бізде Еуразиялық зерттеулер кафедрасы мен «Еуразия» ғылыми орталығы үйлесімді жұмыс атқарады. Әрине, университет деңгейін көтеретін фактор – бірлескен сапалы мамандардың мақсатты күшжігері. Еуразия ұлттық университетінде еліміз бен шетелдерге танымал 200-ден аса ғылым докторы, 600-ге жуық ғылым кандидаты және шетел тағылымдамасынан өткен 100 PhD дәріс оқып, ғылыммен шұғылданады. Академиктен қарапайым қызметкерге дейінгі, докторанттан студентке дейінгі айрандай ұйыған 20 мыңдық ұжымымыз бір мүдде төңірегіне топтасқан.

Бізде профессор-оқытушыларды жұмысқа қабылдау мен аттестаттаудан өткізу бойынша тұрақты комиссия жұмыс істейді. Бұл – кәсіби біліктілік сапасын айқындаудың жауапты тетігі. Профессор-оқытушылардың біліктілігін орнықты арттыру – университет-

тің кадрлық әлеуетін көтерудің кілті. Осы орайда мамандарымызды тек қана халықаралық QS рейтингі бойынша алғы шептегі әлемнің жетекші университеттеріне жібереміз. Атап айтсақ, Испания, Германия, Голландия, АҚШ, Франция, Бельгия мемлекеттері университеттеріне барып отырады. Соңғы 3 жылда 700-ге жуық ғалымымыз осындай курстардан өтті. Біз – оқытушыларымызды шетел білім-білік алаңдарына шығарып, ал шетелдік озық ғалымдарды студенттерімізге дәріс оқытуға, бірлесе ғылыми жобаларды жүзеге асыруға тұрақты шақырып жүрген оқу орнымыз. Қаржылық қиындықтарға қарамай, «Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» бағдарламасына сәйкес, университеттерді интернационалдандыру стратегиясын жүйелі іске асырып отырғанымызды атап өткіміз келеді. Айталық, 2010-2015 жылдар аралығында әлемнің 50-ден астам елінен шамамен мыңға жуық білікті профессор шақырыппыз. Бұл жұмыстың нәтижесі де ойдағыдай болды. Бір жағынан білім алушыларымыздың деңгейін көтердік, екінші жағынан мемлекетіміз бен университетіміздің танымалдығын арттырдық. ЕҰУ ғалымдарының шақырылған шетелдік профессорлармен біріккен жарияланымы – 80 пайызды, біріккен ғылыми жобалары 20 пайызды құрайды. Сөз жоқ, жаңа заман университеті дамуының бір тетігі – халықаралық ынтымақтастық. Бүгінде интернационалдандыру – жоғары мектептің маңызды өрістеу компоненті. Осы орайда Еуразия университеті академиялық ұтқырлық бағытын белсенді дамытып, мемлекетімізде жоспарланған студент алмасу жеңілдіктерін, халықаралық білім гранттарын қолжетімді етіп отыр.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жыл сайын Еуропа одағы, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне барып, деңгейлерін көтеріп отырады. Бұл жоба ҚР БҒМ желісімен қаржыландырылады. Өткен жылы академиялық ұтқырлық бойынша 400-дей білім алушымыз шетелге барып оқып келді. Еуразия ұлттық университеті қос дипломдық білім беруді ТМД желілік университеттері мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеттері аясында дамытып келеді. Қазіргі уақытта 23 біріккен бағдарламаны іске асыратын 11 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық жасап отырмыз. Бұлардың ішінде Шанхай университеті, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей Халықтар достығы университеті, Мәскеу құрыш және қорытпа институты, Новосібір ұлттық зерттеу университеті, «Дубна» халықаралық табиғат, қоғам және адам университеті бар. Магистрлер дайындау бойынша 16 келісім жасалды, оның 9 бағыты Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да іске асырылады. Біріккен білім бағдарламалары бойынша 51 келісімшарт жасалды. Университеттің негізгі миссиясы – сапалы білім беру мен білікті маман даярлау. Бакалавр, магистр, PhD (әр ғылым саласындағы философия докторы) бағдарламалары бойынша Еуразия ұлттық университетінде білім алушы азаматтардың саны – 17 мыңға жуық. Елорда көшпей тұрып күндізгі және сырттайғы оқу бөлімі студенттерін қосқанда 4 мыңның маңайы болатын.

ЕҰУ – осыдан 12 жыл бұрын Қазақстанда тұңғыш рет сырттай оқу бөлімін жапқан университет. Бұл – білім сапасына жасалынған қадам еді. Бүгінде оқу орнымыз еліміз бойынша ең көп «Алтын белгі» иегерлері мен халықаралық олимпиада жеңімпаздары оқитын білім ордасына айналды. Бұл – Елбасы негізін қалаған Астана факторы және жасампаздықтың қалауы. Елорданың әрбір оныншы жас тұрғыны – ЕҰУ студенті. Біз түлектерімізбен де мақтанамыз. ЕҰУ-да оқыған азаматтарды астанадан ауылға дейінгі барлық мекемеден, жауапты орындардан көруге болады. Тарихи түлектеріміз ел парламентін, облыс-аудандарды басқарса, бүгінгі түлектеріміздің алды – парламент депутаттары, вице-министрлер, комитет пен агенттік төрағалары, акционерлік қоғам президенттері. А.Винокуров, Г.Головкин сынды олимпиада чемпионы мен күміс жүлдегері, «Қазақстан барысы» А.Нұғымаров та – түлектеріміз қатарында.

Еліміздегі жетекші құрылыс компаниялары президенттерінің, өңірдегі озық мектеп, колледж директорларының басым салмағы – ЕҰУ-ды бітіргендер. Бүгінде 13 факультет пен 68 кафедрамыз білім беру қызметін 168 мамандық бойынша жүзеге асырады. Барлық білім бағдарламаларының атауы мен мазмұнына классикалық пәндермен

бірге, әлеуметтік серіктестеріміз – жұмыс берушілермен келісілген пәндер енгізілген. Мысалы, экономика мамандықтарына – Дүниежүзі сауда ұйымының, халықаралық қатынастар мамандықтарына – геосаясат пен елшіліктердің талаптарына сай модульдер қосылды. Бұл ретте ЭКСПО сұранымы бағытындағы ізденістеріміз де бар. Әр мамандық бойынша оқытушы-профессор қауымының оқу-әдістемелік кешені, ғылыми-шығармашылық әлеуеті жыл сайын толықтырылып отырады.

Елорданың мақтанышына айналған Еуразия ұлттық университеті білім алушыларының азаматтық-рухани даму келбеті де – басым бағыттарымыздың бірі. Студенттік «Шаңырақ» театрының қазақ және ағылшын тіліндегі сахналық қойылымдары мен «Аттракцион» театры ұжымының мюзиклін жастарды былай қойғанда, Мемлекеттік хатшыдан Парламент депутаттарына дейінгі қайраткерлер тамашалап, жоғары баға берді. ЕҰУ «Студенттік кинотеатры» – «Қазақфильм» киностудиясының елордалық алаңы іспеттес. Осында жаңа кинотуындылардың тұсауы кесіліп, талқыланады. «E-Studio» продюссерлік орталығы мен «Еуразия» вокалды-аспапты ансамблі – музыкасүйер жастардың жан қуанышы, жас әншілердің тәжірибе алаңы. Ал «Самұрық» би мектебі, «Дала сазы» ұлт-аспаптар оркестрі университетіміздің ғана емес, Астананың барша мәдени шарасының эстетикалық-рухани ажарын айшықтап жүр. Өнер ұжымының бәрі де – республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Студенттеріміз «Жасыл ел», «Жастар – Отанға», «Болашақ қауымдастығы», «Халықаралық экономикалық форум», «Жас Отан», «Дельфий ойындары», «Қазақстан студенттерінің конгресі» жұмысына, мемлекеттік-қоғамдық шараларға ЕҰУ-дың жастар өкілі немесе волонтер ретінде қатысып, қайраткерлік шыңдалу мектебінен өтіп жүргенін мақтанышпен айтамыз.

Республикамызда тұңғыш рет ЕҰУ-да ашылған Халық ассамблеясы кафедрасы мен Толеранттылық бағытындағы ЮНЕСКО кафедрасының жастар бойында ел бірлігі мен «Мәңгілік Ел» жауапкершілігін қалыптастырудағы рөлі зор. Мұнда адамзат ақыны О.Сүлейменов, «Мир» телеарнасының негізін салушы Ғ.Шалахметов, «Тамыр» идеясын салаландырушы А.Башмаков сынды қайраткерлер қызмет атқарады. Университет профессоры, Мемлекеттік елтаңба авторының бірі Ж.Мәлібекұлының сәулет сабақтары – жастарымыз үшін үлкен олжа. Жыл сайын Тәуелсіздік күні қарсаңында «Елдік дәрістер» атауымен танымал мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, академиктердің 1 мың тыңдаушыға дейін қатысатын дәрістерін өткізіп тұрамыз. Бұл шараның да қайтарымы мол екенін байқадық. Білім алушыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдауда жүйелі жолға қойылған.

Денсаулық қызметін сапаландыру мақсатында қалалық № 9 емханаға бекітілген ЕҰУ медициналық орталығы жұмыс істейді. Сондай-ақ, студенттер мен қызметкерлерге әлеуметтік-психологиялық көмек көрсететін «Дауа» жастар орталығының қызметі де нәтиже бере бастады. Ата-анасының жәрдем беруге мүмкіндігі жоқ 500-ге тарта студент тұрақты және кезеңдік жұмысқа орналастырылды. Жатақхана – еліміз бойынша өткір мәселе екені белгілі. Дей тұрғанмен, Бақылау және Қамқоршылар кеңесінің күшімен, Үкімет пен министрліктің қолдауымен мұны да орайлы шеше бастадық. Мысалы, біздің тікелей атсалысуымызбен жанымыздағы ММУ Қазақстан филиалының жатақханасы пайдалануға беріліп, өзімізде жаңа «Студенттер үйінің» құрылысы аяқталуға жақын.

Әлеуметтік қолдау мәселесіне келсек, 119 студентке ішкі грант бөлінген немесе білім ақысына жеңілдік жасалған. 126 студентке тамақтану мен киім алуына материалдық жәрдемақы төленеді. Жетім және мүгедек санатындағы барша студент «Студенттер үйінде» тегін тұрады. Көпбалалы отбасынан шыққан мыңнан астам студент жолақы билетімен қамтамасыз етілген. 120 студент жыл сайын «Сенім» кәсіподақ ұйымы тарапынан стипендия алады. Еуразия ұлттық университеті – Елбасымыздың тәуелсіздік жылдары ашқан тұңғыш университеті. Бұл оқу орны ғылым-білім тұрғысынан аз уақыттың ішінде Еуразия идеясының арманнан ақиқатқа айналғанын дәлелдей алды. Елдің өткенін, бүгінін, болашағын сабақтастырған алтын көпір бола білді. ЕҰУ жаңа

заманның талабына сай мемлекетшіл маман даярлаудың тарихи жауапкершілік жүгін аркалап келеді.

Елбасының сенімі, елордалық мәртебе және соларға лайық жауапкершілік қызметіміздің салмағын ауырлата түседі. Сондықтан университеттің ғалым-оқытушылары мен білім алушылары мемлекетшіл іс пен қара шаңырақ миссиясын жете түсініп, аянып қалмайды деп ойлаймыз. Біз Қазақстанның жетекші университеті ретінде білім ордаларын алалауға қарсымыз. Астаналық университет те, өңірлік оқу орны да, облыстық университет те елге, қоғамға бірлесе қызмет етуі керек. Мақсат та, міндет те ортақ. Ол – тәуелсіз Қазақстанды сапалы мамандармен қамтамасыз ету, отаншылдық ұйытқысы болу, әлемдік ықпалдастық жолымен озық білім мен ғылымды, технология мен әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оны өз жерімізде тұрлаулы, баянды ету. Осы жол Елбасы айқындаған елдің жүрегі – Астананың да, тұтас Отанымыздың да мәдени капиталын қалыптастыра беретініне сенеміз.

Ерлан СЫДЫҚОВ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры